

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті*

***Қазақстан Республикасының
Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің
ағымдағы жағдайы***

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Көлемі: 9 бет
Кестенің саны: 10
Графиктердің саны: 3
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2014 жыл

МАЗМУНЫ

I. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасының зейнетақы нарығының құрылымы

II. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

2-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

3-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

4-кесте. Зейнетақы төлемдері және зейнетақы жинақтарының аударымдары

III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемін бөлу

6-кесте. ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

7-кесте. БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

IV. ҚОРЛАРДЫҢ НОМИНАЛДЫ КІРІСІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

8-кесте. Номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті

V. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

9-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның жиынтық активтері мен капиталының құрылымы

3-график. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның меншікті активтерінің, капиталының және таза пайдасының (шығынының) өзгеру динамикасы

10-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы

VI. ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР БОЙЫНША ЖЗҚ-НЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН БЖЗҚ-ҒА БЕРУ

I. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасы Зейнетақы нарығының құрылымы

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің институционалды құрылымы *	1.01.13	1.01.14
Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры	0	1
Жинақтаушы зейнетақы қорлары	11	9
- оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратындар	11	7
Жинақтаушы зейнетақы қорлары филиалдарының саны	120	88
Республика өңірлеріндегі өкілдіктерінің саны	0	0
Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың саны	13	11
Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны	10	11
- оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан банктері	6	5

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және 9 жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істейді.

II. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

2-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Жалпы міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттары санының және зейнетақы жинақтары сомаларының артуы байқалады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшыларының (алушыларының) саны		1.01.13	1.01.14	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны	8 422 512,0	10 046 082,0	19,3
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	3 177,6	3 731,9	17,4
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны	37 793,0	63 462,0***	67,9
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	1,3	1,4	7,7
ерікті және кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны	4 225,0	4 231,0	0,1
	зейнетақы жинақтары, млрд.теңге	0,10	0,15***	50,0

* берілген лицензиялардың саны бойынша

** кестеге салымшылардың зейнетақы жинақтары және әлеуметтік жеке кодын тіркеусіз міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша, сондай-ақ зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ саны енгізілмейді


*** 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көрсеткіштер алдын ала, деректер нақтылануда.

3-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

(млрд. теңге)

Зейнетақы жинақтарының көлемі, млрд.теңге	1.01.13	1.01.14	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары	3 183,2	3 733,4	17,3
Зейнетақы жарналары	2 470,1	3 031,5	22,7
«Таза» инвестициялық кіріс	667,4	756,1	13,3
Зейнетақы қаражаты сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	21,0	20,3	-0,7 п.п.

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (млрд.теңге)



Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2013 жылдың басынан бастап 550,2 млрд. теңгеге (17,3%) ұлғайып, 2014 жылғы 1 қаңтарда 3 733,4 млрд. теңге болды.

2014 жылғы 1 қаңтарда зейнетақы жинақтарының ең үлкен сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың зейнетақы жинақтарының жалпы көлемінен «БЖЗҚ» АҚ – 1 276,01 млрд. теңге (34,18%), «Қазақстан Халық Банкі» ЖЗҚ» АҚ - 1 234,01 млрд. теңге (33,05%), «Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ - 442,96 млрд. теңге (11,86%) және «Грантум» ЖЗҚ» АҚ - 347,03 млрд.теңге (9,30%) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық зейнетақы жинақтарының 88,39%-ы келді.

Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, зейнетақы жинақтарын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы 2014 жылғы 1 қаңтарда 0,98 млрд. теңге болды.

4-кесте. Зейнетақы төлемдері және зейнетақы жинақтарының аударымдары

(млрд. теңге)


Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.13	1.01.14	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	323,0	423,7	31,18
оның ішінде, алушылардың зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына аудару	62,8	83,4	32,80
Зейнетақы жинақтарын басқа қорларға аудару	1 909,6	2 559,9	34,05

2013 жылдың басынан бастап алушылардың зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына аударулар жалпы сомасы 20,67 млрд. теңгеге 7 139 алушылар жүзеге асырды.

III. ҚОРЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2013 жылдың басынан бастап 547,65 млрд. теңгеге немесе 17,18%-ға өсіп, 3 735,91 млрд. теңге болды.



2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2014 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 45,6 млрд. теңге болды.

5-кесте. Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЖЗҚ атауы	1.01.13		1.01.14	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі " АҚ ЕҰ, " Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ " АҚ	1 062,6	33,3	1 235,2	33,1
"БЖЗҚ" АҚ	624,5	19,6	1 277,2	34,2
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	401,6	12,6	442,2	11,8
"ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Қазкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	305,0	9,6	347,4	9,3
"Астана" ЖЗҚ" АҚ	211,8	6,6	272,6	7,3
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	184,6	5,8	0,00	0,0
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	141,0	4,4	161,2	4,3
"Нұрбанк" АҚ ЕҰ "Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	92,3	2,9	0,00	0,0
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	85,5	2,7	0,00	0,0
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ" АҚ	79,4	2,5	0,00	0,0
Барлық ЖЗҚ мен БЖЗҚ бойынша барлығы	3 188,3	100,0	3 735,9	100,0

6-кесте. ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	ЖЗҚ зейнетақы активтерін ескере отырып жиынтық инвестициялық портфель		(млрд. теңге) БЖЗҚ зейнетақы активтерін және БЖЗҚ-ға берілген ЖЗҚ зейнетақы активтерін ескермегенде жиынтық инвестициялық портфель *	
	1.01.13		1.01.14	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
	ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 579,4	50,5	1 206,9
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 535,4	49,1	1 206,5	50,78
Ұлттық Банктің ноттары	38,4	1,2	-	-
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5,5	0,2	0,4	0,01
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	159,1	5,1	91,9	3,9
акциялар	21,2	0,7	3,6	0,2
облигациялар	137,9	4,4	88,3	3,7
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	72,9	2,3	47,0	2,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	66,7	2,1	90,7	3,8
Тазартылған алтын	114,5	3,7	75,2	3,2
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	812,1	25,9	696,9	29,3
акциялар	170,4	5,4	133,4	5,6
облигациялар оның ішінде:	641,7	20,5	563,6	23,7
шетел валютасында номинирленген	78,9	2,5	68,1	2,9
теңгеде номинирленген	562,8	18,0	495,5	20,9
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	324,8	10,4	167,6	7,0
Туынды бағалы қағаздар	- 0,1	-	-	0,0
Жиынтығы	3 129,4	100,0	2 376,2	100,0

* 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ, « Республика» ЖЗҚ» АҚ және «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтері берілді.

2014 жылғы 1 қаңтарда ЖЗҚ инвестициялық портфелінің негізгі үлесі бұрынғыша – ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары орын алады (50,8% және ұқсас күнге ЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің тиісінше 29,3%).

Бұл ретте, белгіленген сыйақымен (облигациялармен) борыштық қаржы құралдарына инвестициялардың үлесі ЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 84,0% құрады, бұл ақша мәнінде 1 996,5 млрд. тг. жуық.

Өз кезегінде шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарға инвестициялардың көлемі 91,9 млрд. теңге құрайды (ЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтері көлемінің 4,1%). Екінші деңгейдегі банктер салымдарының үлесіне 7,0% немесе 167,5 млрд. теңге келеді.

7- кесте. БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)	
	БЖЗҚ берілген ЖЗҚ зейнетақы активтерін ескере отырып БЖЗҚ инвестициялық портфелі	
	1.01.14	
	млрд. теңге	%-бен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	641,6	51,1
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	636,4	50,7
Ұлттық Банктің ноттары	-	0,0
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5,2	0,4
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	26,7	2,1
акциялар	8,7	0,7
облигациялар	18,0	1,4
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	24,8	2,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	21,7	1,7
Тазартылған алтын	57,8	4,6
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	342,2	27,3
акциялар	43,1	3,4
облигациялар, оның ішінде:	299,1	23,8
шетел валютасында номинирленген	57,1	4,6
теңгеде номинирленген	242,0	19,3
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	139,9	11,2
Туынды бағалы қағаздар	-	0,0
Жиынтығы	1 254,7	100,0

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БЖЗҚ инвестициялық портфелінің құрылымында негізгі үлесін ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары ЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 51,1% үлес салмағымен 641,6 млрд. тг. құрап орын алады. Отандық эмитенттерінің облигацияларына БЖЗҚ инвестицияларының үлесі БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің 27,3% немесе 342,2 млрд. теңге жуықты құрайды.

Өз кезегінде ҚР екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға инвестициялардың көлемі 139,9 млрд. теңгеге (11,2%) тең.

БЖЗҚ инвестициялық портфелінде шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары - БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 2,1% маңызды емес үлесін құрайды бұл 26,7 млрд.тг. құрайды.

IV. ҚОРЛАРДЫҢ НОМИНАЛДЫ КІРІСІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

8-кесте. Номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенттері

Көрсеткіштің атауы / кезеңі	5 жылғы кезеңде	3 жылғы кезеңде	12 айда
Қалыпты инвестициялық портфель бойынша орташа мөлшерленген К2	33,9	8,9	2,4
Консервативті инвестициялық портфель бойынша орташа мөлшерленген К2	33,4	8,5	4,0
Инфляцияның жинақталған деңгейі	36,6	19,3	4,8

Қазақстан Республикасының заңнамасымен БЖЗҚ үшін пруденциялық нормативтерді есептеу, оның ішінде номиналды кіріс коэффициенті көзделмеген. Осыған байланысты БЖЗҚ құрған күннен бастап БЖЗҚ көрсеткіштері жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша номиналды кіріс коэффициентінің есебіне енгізілмейді.

Инвестицияларды шектеулер (2012 жылғы желтоқсаннан бастап 2013 жылғы желтоқсан аралығы) енгізілген сәттен бастап барлық ЖЗҚ-ның қалыпты инвестициялық портфельдің жылдық мәнінде орташа мөлшерленген кірістілігі 2,4% құрады (консервативтік инвестициялық портфельі бойынша 4,0%), 2012 жылға ұқсас көрсеткіші 4,0% (консервативтік инвестициялық портфельі бойынша 1,8%).

Ағымдағы кезеңде ЖЗҚ кірістілігінің алдыңғы кезеңімен салыстырғанда төмендеуі мына себептермен негізделген.

БЖЗҚ және активтер мен міндеттемелерді БЖЗҚ-ға зейнетақымен қамсыздандыру шарттары бойынша беру рәсімін бастаған ЖЗҚ көрсеткіштері осы көрсеткішті есептеуге қосылмаған.

Сонымен қатар 2012 жылмен салыстырғанда әлемдік нарықтарда алтынның бағасы 27%-ға төмендеді, сол кезде 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдердегі алтынның үлесі 3,2% және тиісінше 4,6% құрайды. Ұқсас жағдай S&P 500, NASDAQ, FTSE 100, Dow Jones эмитенттері әлемдік қор индекстеріне енгізілген бағалы қағаздарға бағалардың құбылмалығына байланысты шетелдік қор нарықтарында зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялардың кірістілігіне әсер етті.


Одан басқа, ағымдағы жылы ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыруы өткен жылмен салыстырғанда төмен бағамен жүзеге асырылды, нәтижесінде мемлекеттік бағалы қағаздарының кейбір шығарылымы бойынша ЖЗҚ инвестициялық портфельдерін қайта бағалау теріс болды.

V. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

9-кесте. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның жиынтықты меншікті активтерінің және капиталының құрылымы

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.13	1.01.14	Өсімі, %-бен
Активтердің жиынтығы, оның ішінде	107,6	89,6	-16,7
- Бағалы қағаздар	60,9	38,4	-36,9
- "Кері РЕПО" операциясы	1,8	12,8	7,1 есе
- Орналастырылған салымдар (құнсыздануға есептелген резервтерді есептемегенде)	27,5	18,5	-32,7
- Басқа да активтер	17,4	19,8	13,8
Капитал жиынтығы	101,5	85,6	-15,7
- оның ішінде, жарғылық капитал	53,2	53,2	0,0
Баланс бойынша міндеттемелер	6,1	4,0	-34,4

3-график. ЖЗҚ-ның және БЖЗҚ-ның меншікті активтерінің, капиталының және таза пайдасының (шығынының) өзгеру динамикасы



10-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.13	1.01.14
ЖІӨ, млрд.теңге	30 347,0 *	34 444,3**
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	10,5	10,8
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,2	8,8
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,2	2,2

* - ҚР Статистика агенттігінің болжамды деректері,

** - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжамды деректері

VI. ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ ШАРТТАР БОЙЫНША ЖЗҚ-НЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН БЖЗҚ-ҒА БЕРУ

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері мен міндеттемелерін БЖЗҚ-ға беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен кесте бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 356 бұйрығымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ЖЗҚ зейнетақы активтері мен міндеттемелерін БЖЗҚ-ға қабылдау-өткізу кестесі (бұдан әрі - Кесте) бекітілді, оған сәйкес ЖЗҚ зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру 2013 жылғы 11 қазанда басталды.

ЖЗҚ құжаттар мен ақпаратты БЖЗҚ-ға беру барысы әрбір ЖЗҚ бойынша екі кезеңге бөлінді:

бірінші кезең – БЖЗҚ автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасында ЖЗҚ салымшылары (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын ашу, осы жеке зейнетақы шоттарына салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сомаларын аудару және БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебіне қалыптастырылған ЖЗҚ инвестициялық портфельін беру;

екінші кезең – құжаттарды (қағаз тасымалдағышта) және басқа ақпаратты беру, ЖЗҚ деректер базасында қалған мәліметтер мен құжаттарды жою.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Республика» ЖЗҚ» АҚ және «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ және «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ бойынша зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға берудің бірінші кезеңі аяқталды.

БЖЗҚ «Республика» ЖЗҚ» АҚ, «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ және «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ салымшыларымен (алушыларымен) бірге жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша құқықтық мирасқоры ретінде осы ЖЗҚ-лардың салымшыларына (алушыларына) қызмет көрсете бастады.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ-ға «Республика» ЖЗҚ» АҚ және «Отан» АЖЗҚ» АҚ, «Капитал» ЖЗҚ» АҚ және «Атамекен» ЖЗҚ» АҚ бойынша қағаз тасымалдағыштағы және электрондық мұрағаттық құжаттарды және ақпараттарды беру жөніндегі рәсімдерді қамтитын зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерді берудің екінші кезеңі жүзеге асырылуда.

Өз кезегінде қолданыстағы ЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын ашу және олардың зейнетақы жинақтарын осы шотқа аудару үшін қажетті деректерді БЖЗҚ-ға беру бойынша рәсімдер, сондай-ақ ЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдерін БЖЗҚ-ға беру бойынша рәсімдер 2014 жылы сәуірде аяқталады.